

## ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

### Оқылым

#### 8-сынып

#### 1-тапсырма.

**Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Гүлнәр мен Дәурен үйде қалды. Анасы жұмысқа кетерде, малға уақтылы шөп салуды Дәуренге тапсырды.

Гүлнәр үй ішін сыпырды, еденді таза шүберекпен сүртті. Терезе алдында үлкенді-кішілі құмыраларда өсіп тұрған үй гүлдеріне су құйды.

Дәурен достарымен бірге балық аулауға кетті. Ауыл жанындағы өзеннен он шақты балықты түске дейін қиналмай-ақ ұстады. Ол бұған қатты қуанды. Балық аулаймын деп кеш болып кеткенін Дәурен байқамады. Бір кезде анасының сөзі есіне түсті:

– Ау, достарым, мен үйге қайттым. Анам «Малға шөпті уақтылы бер» деген еді. Мен болсам ұзақ отырып қалыпшын, – деп ұстаған балықтарын жинастыра бастады.

Үйге кірерде Дәурен ең алдымен малды қораға қарай бұрылды. Қора ішінен байқағаны – екі сиырдың алдында мол шөп. Жануарлар жеп тұр. Дәуреннің көңілі жайына түсті.

– Дәурен, балықты көп ұстапсың ғой, – деді Гүлнәр көйлектерді жуып жатып.

– Ия, Гүлнәр. Балықтың қызығына түсіп, кеш келдім.

– Сен кешіккен соң, малдарға шөп салып қойдым.

– Рақмет, Гүлнәр, – деді Дәурен ризашылығын білдіріп. Сөйтті де, Гүлнәрдың жанында бос тұрған екі шелекті қолына алып, құдықтан су әкелуге кетті. Қайырымды әпкесіне осы сәтте қолынан келгенше көмек көрсеткісі келген еді.

#### **1. Мәтінге қандай ат лайықты?**

- а) Балық аулау
- ә) Қайырымды әпке
- б) Ананың тапсырмасы
- в) Дәуреннің көмегі

#### **2. Дәурен үйге неге кеш келді?**

- а) Сабақтан кеш шықты.
- ә) Балықтың қызығына түсті.

- б) Малға шөп жинады.
- в) Далада доппен ойнады.

**3. Гүлнәрдің мінезіне лайық сөздерді табыңыз.**

- а) өсекші, өтірікші, жалқау
- ә) ұқыпты, таза, еңбекқор
- б) білімді, тұйық, қыңыр
- в) іскер, пысық, арам

**4. Мәтінге сәйкес мақалды белгілеңіз.**

- а) Үйінде қартың болса — асыл қазынаң
- ә) Қайырымдылық жасасаң,  
Қайырын өзің көресің.
- б) Аз сөз алтын, көп сөз көмір.
- в) Ақылды өзінен көреді,  
Ақылсыз ағайыннан көреді.

**5. Мәтінге сәйкес сөйлемді табыңыз.**

- а) Дәурен балық аулағанды жақсы көрмейді.
- ә) Дәурен әпкесін сыйламайды.
- б) Дәурен уақыттың өткенін байқамай қалды.
- в) Дәурен үйге ерте келді.

**6. Мәтінде қазақтың туыстарына көрсететін қандай ұлттық қасиеті туралы айтылған?**

- а) тазалық
- ә) еңбекқорлық
- б) жалқаулық
- в) бауырмалдық

**7. Мәтіннен синоним сөздерді табыңыз.**

## **8. Қай сөйлемде етістіктің қалау райы бар?**

- а) Дәурен достарымен бірге балық аулауға кетті.
- ә) Малға шөпті уақтылы бер.
- б) Дәурен, балықты көп ұстапсың ғой.
- в) Қайырымды әпкесіне осы сәтте қолынан келгенше көмек көрсеткісі келген еді.

## **9. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- а) Дәуреннің анасы қайда жұмыс істейді?
- ә) Гүлнардың жасы нешеде?
- б) Дәурен анасына қандай көмек көрсетуі керек?
- в) Дәурен нешінші сыныпта оқиды?

## **10. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.**

- а) үй сыпыру, еден сүрту, гүлге су құю
- ә) балық аулау, кеш келу, малға шөп салу, Дәуреннің ризашылығы
- б) достармен өзенге бару, қуану, кеш келу
- в) көйлек жуу, еден сүрту, су әкелу

**2-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.**

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығындағы мемлекет. Қазақстанның жері кең-байтақ және өте бай. Табиғаты әр алуан. Мұнда жазық дала да, орман да, тау да, өзен де, көл де, шөлді аймақтар да бар.

Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астана. Ол Есіл өзенінің бойында Сарыарқа жерінде орналасқан. Есіл өзенінің бойында Елбасы Резиденциясы, Парламент үйі, Жастар сарайы, көп қабатты тұрғын үйлер бой көтерді. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері қойылған. Астана – болашағы үлкен қала.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Біздің ел тез дамиды және

гүлденеді. Мен отаншылмын. Мен өз елімді сүйемін, себебі мен Қазақстанда тудым, өстім және оқып жүрмін.

**1. Сөйлемді толықтырыңыз. Парламент үйі ... орналасқан.**

- A) Астана ауданында
- B) Есіл өзенінің бойында
- C) Елбасы Резиденциясында
- D) Жастар сарайының қасында

**2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.**

- A) Астана – еліміздің бас қаласы.
- B) Сарыарқа жеріндегі қаланың болашағы үлкен.
- C) Елбасы Резиденциясы Сарыарқа көшесінде орналасқан.
- D) Еліміздің астанасы Есіл өзенінің жағасына орналасқан.

**3. Мәтіндегі басты тірек сөзді табыңыз.**

- A) табиғат, жұмыс, Есіл
- B) Отан, табиғат, Астана
- C) мақсат, жұмысшы, Отан
- D) еңбек, астана, ынтымақ

**4. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз. 1991 жылы ... .**

- A) Парламент үйі салынды
- B) Астана қаласы салынды
- C) ҚР-ның тұңғыш Президенті сайланды
- D) Н.Ә. Назарбаев Резиденциясы салынды

**5. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.**

- A) Қазақстанның бас қаласы қай қала?
- B) Астананың бұрынғы атауы қалай аталды?
- C) Астана қаласының іргетасы қашан қаланды?
- D) Астана қаласы қай жылы еліміздің бас қаласы болды?

**6. Неге мен өз елімді сүйемін?**

- A) Себебі Қазақстанның табиғаты әр алуан.
- B) Себебі Қазақстанның жері кең-байтақ және өте бай.
- C) Себебі мен Қазақстанда тудым, өстім және оқып жүрмін.
- D) Себебі біздің ел тез дамиды және гүлденеді.

**7. Нақ осы шақтағы етістігі бар сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) Ол Есіл өзенінің бойында Сарыарқа жерінде орналасқан.
- B) Біздің ел тез дамиды және гүлденеді.
- C) Мен өз елімді сүйемін.
- D) Мен Қазақстанда оқып жүрмін.

**8. Қазақстан табиғатының әр алуандығын көрсететін сөйлемді табыңыз.**

- A) Ол Есіл өзенінің бойында Сарыарқа жерінде орналасқан.
- B) Біздің ел тез дамиды және гүлденеді.
- C) Мұнда жазық дала да, орман да, тау да, өзен де, көл де, шөлді аймақтар да бар.
- D) Есіл өзенінің бойында Елбасы Резиденциясы, Парламент үйі, Жастар сарайы, көп қабатты тұрғын үйлер бой көтерді.

**9. Көп нүктенің орнына қай сөзді қою керек? Астана – ... Қазақстанның бас қаласы.**

- A) үлкен
- B) көп қабатты
- C) әр алуан
- D) тәуелсіз

**10. Мәтінге ат қойыңыз.**